



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Жаңа облыстар- маңызды бастамалар

Сонымен жаңа облыстар құрылды, олардың әкімдері де тағайындалды. Бұл негізгі жұмыстың басы ғана. Ауқымды шаруалар енді басталады. Осы орайда Қазақстан картасында жаңадан пайда болған өңірлерді дамытуда басымдық беретін негізгі бағыттарды да айқындау маңызды.

Экономикалық зерттеулер

ған дұрыс.

–Тарихи мамандандыруды қалпына келтіру мүмкіндіктерін қарау, сондай-ақ қаланың көлік-логистикалық әлеуетін (трансшекаралық ағындарды ескере отырып) іске қосу маңызды. Қалада қосымша жаңа экономикалық жағдайларда IT-сектор және телекоммуникациялар сияқты экономиканың жаңа



институтының сарапшысы Нұрболат Құрметұлының пікірінше, жаңа облыс орталықтарында инфрақұрылымды дамытумен қатар, экономиканы әртараптандыру бойынша кешенді шаралар қабылдау қажет. Мәселен, Алматы облысы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша жетекші орында екенін ескеру маңызды. Талдықорғанды автоматтандырылған өндірісі бар ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің ірі индустриялық орталығы (соя, консервілер, ет өңдеу, кептірілген жемістер) ретінде қалыптастыру бойынша шаралар кешенін қабылдау керек.

– Жезқазған қаласында түсті металлургияда жоғары бөліністерді дамыту үшін әлеует бар. Бұдан басқа, жаңа әкімшілік мәртебені ескере отырып, қалада экономиканың IT-секторын, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды, оның ішінде жас мамандарды жұмыспен қамтудың перспективалық бағыттары ретінде электрондық сауданы құру және дамыту мәселесін пысықтау қажет, – дейді сарапшы.

Кеңес заманында Семей қаласын дамыту жеңіл (жүн өңдеу) және тамақ (ет комбинаты) өнеркәсібі негізінде, республиканың мал шаруашылығының шикізат базасында жүзеге асырылғаны белгілі. Осыны қаперге ал-

секторларын дамыту қажет, –дейді Нұрболат Құрметұлы.

Сарапшы жүргізіліп жатқан әкімшілік-аумақтық реформалар жаңа облыстардың дамуына жақсы әсер етеді деп санайды. Өйткені реформалар жаңа өңірлік саясаттың басымдықтарына сәйкес келеді. Оның негізінде әлеуметтік-экономикалық дамудағы теңгерімсіздікті төмендету, байланысты қамтамасыз ету және өңірлердің орнықты кеңістіктік дамуы ескерілген.

– Реформалар елдің аумақтық және кеңістіктік дамуына жаңа тәсілдерді іске асырудың бастауы болып саналады. Ең алдымен, бұл –елдің оңтүстігінің өнеркәсіптік әлеуетін ашу. Жетісу облысының құрылуы оңтүстікті индустриаландыруға және урбандалу процестерін жеделдетуге оң әсер етеді. Сонымен қатар Абай және Ұлытау облыстарының құрылуы еліміздің орталықшығыс өңірінің экономикасын қайта жаңғырту үшін өте маңызды. Егер Ұлытау облысында металлургиядағы одан әрі бөліністерді дамыту және адам ресурстарын дамыту талап етілсе, Абай облысында индустриаландыруды жүзеге асыру қажет, – дейді ол.

«Егемен Қазақстан»  
газетінен ықшамдалып  
алынды.



## Президент Ерлан Қошановты қабылдады

Мемлекет басшысы Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады, деп хабарлайды Egemen.kz. Ақордаға сілтеме жасап.

Мәжіліс спикері Президентке конституциялық реформаларды одан әрі нақты жүзеге асыруға қатысты алдағы заң шығару жұмыстары жөнінде баяндады.

Парламенттің төменгі палатасының төрағасы Мемлекет басшысына Мәжіліс депутаттары мен АМАНАТ партиясының мүшелері референдумның мән-маңызын

түсіндіру науқаны барысында азаматтардан 20 мыңнан астам өтініш жинағанын айтты. Үкіметпен бірлесе отырып, қазақстандықтардың барлық ұсынысы мен көтерген мәселелері пысықталды және заң шығару жұмысы кезінде ескеріледі.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан делегациясының 6 маусымда Ереванда өткен ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы кеңесінің көшпелі отырысына қатысқаны жөнінде айтты. Аталған жиын барысында

ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы халықаралық бақылаушылар миссиясы жұмысының қорытындысы жарияланды және елімізде өткен референдум ұлттық заңнамаға толық сай келеді деп танылды.

Сонымен қатар Парламенттік Ассамблея халықаралық және аймақтық деңгейде қауіпсіздік мәселесін шешу үшін БҰҰ аясында Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы бітімгерлік әлеуетінің даму барысын талқылады.



## Жаңадан құрылған облыстарда өнеркәсіп өндірісінің көлемі артады

Бұл туралы Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров мәлім етті, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіш өсімінің қарқынына тоқталғым келеді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Абай облысындағы өңірлік жалпы өнім көлемі – 2 трлн теңгеге дейін, Жетісу облысында 1,1 трлн теңгеге дейін артады, ал Ұлытау облысында өңірлік жалпы өнім – 1,2 трлн теңге», деді Әлібек Қуантыров Орталық коммуникациялар қызметінде. Оның айтуынша, 2022 жы-

лы Абай облысының жеке табысы 70 млрд теңгені, Жетісу облысында – 58 млрд теңгені, Ұлытау облысында 48 млрд теңгені қамтиды.

«Алдын ала жасалған есептеулерге қарағанда, жаңадан құрылған Алматы облысы алдағы уақытта республикалық бюджеттің доноры болуға қауқарлы. Сонымен қатар жаңадан құрылған өңірлер бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі артады. Оның ішінде Абай облысында 1 трлн теңгеге дейін, Жетісу облысында – 275 млрд теңгеге, Ұлытау облысында 855 млрд теңгеге артады», деді министр.

**Баспасөз-2022**  
**2022 жылдың**  
**екінші жарты**  
**жылдығына**  
**аудандық**  
**«Созақ үні»**  
**газетіне жазылу**  
**жүргізілуде**

«Қазпошта» арқылы  
**Жеке тұлғалар үшін- 2279теңге 64 тиын,**  
**Мекемелерге-6759**  
**теңге 24 тиын**  
**«Ернұр Пресс» арқылы**

**Жеке тұлғалар үшін-2304 теңге.**

**Редакция арқылы**  
**Жеке тұлғалар үшін-2250 теңге.**

**Жазылуға**  
**асығыңыздар!**



## Денсаулық саласының СПАРТАКИАДАСЫ

Әлемде бірнеше ардақты да құрметті мамандық бар. Соның бірі – медицина қызметкері. Денсаулық-адам үшін баға жетпес байлық.

Бұл күн қашанда асқан шеберліктің иесі - ақ халатты абзал жандардың мерекесі. Бүкіл әлемде коронавирус пандемиясына байланысты медицина қызметкерлерінің мерекесінің биыл маңызы зор. Әлі де алдыңғы қатарда жүрген бүгінгі күннің батырлары талмай еңбек етіп жатыр. Мерекені сөз етіп, абзал жандарға алғыс білдіреміз! Медицина кәсібі - адамгершіліктің, асылы. Медицина қызметкерлеріне зор денсаулық, еңбекте табыс, төзімділік пен күш қайрат және отбасыларына бақыт-береке тілейміз! Елімізде маусымның әр үшінші жексенбісі – медицина қызметкерлерінің күні. Осы атаулы күні адам жанының арашашысы, ақ халатты абзал жандарға арнайы құрмет көрсетіліп, еңбектері ерекше еленеді. Дегенмен денсаулығымыз сыр беріп, жанымыз қысылғанда көмек қолын созуға қашанда дайын тұратын дәрігерлерді

отандастарымыздың өмірін және денсаулығын сақтау қайырымдылық ісіне арнаған адамдардың мерекесі ретінде дәстүрлі тойланады. Бұл күні тек қана дәрігерлер мен мейіргерлер ғана емес, жалпы медицина ғылымының тікелей қатысы бар, оның ішінде емдеу және диагностикалық аурулар үшін жаңа құралдарды ойлап тбатын инженерлер мен технологтар, химиктер, биологтар, зертханашылар, санитарлар және басқалар да атап өтеді. Медициналық қызметкерлер күні – бұл денсаулық сақтау жүйесіндегі дәрігерлерге, мейіргерлер, санитарлар, барлық жұмыскерлерге ризашылық білдіру, құрмет көрсету және алғыс айту үшін себеп болатын өз кезегіндегі мейрам. Іс жүзінде ақ халатты еңбек ететін жандар – басқа да кәсіптер өкілдерінен оларды ерекшелендіретіні бұл халық игілігіне қызмет ету, бұл қайсарлық пен мейірімділік. Күні-түні жарғақ құлағы жастыққа тимей, тынымсыз жұмысқа жегіліп, тығырықтан шығар жол іздеп, қауіпті дерттің емін табуға бар

дыққан адамдарға барлық қажетті көмекті көрсетеміз. Бүгінде бүкіл еліміз дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің қайсарлығына тәнті болуда. Олар – адам өміріне араша түсіп жатқан бүгінгі күннің батырлары» деді Президент. Расында, адамзаттың амандығына, жұмыр жердің тұтастығына орасан қауіп төндіріп тұрған індетті ғалымдардың, дәрігерлердің күшімен ғана жеңе аламыз. Медицина саласының мамандары қандай мәртебеге, марапатқа болсын әбден лайық. Соған сәйкес құрмет көрсету – әрбіріміздің азаматтық борышымыз.

Дәрігер күні мерекесіне орай аудан орталығындағы «Достар» спорт кешенінде ауданымыздағы қызмет атқаратын медицина қызметкерлі арасында спорттың арқан тарту, қашықтыққа жүгіру, футбол, волейбол сияқты көптеген түрлері бойынша аудандық Спартакиада өткізілді. Спартакиаданың ашылуына аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков арнайы келіп қатысып, алдағы келе жатқан медицина күні мерекесімен барша ауданымыздағы ақ желеңді абзал жандарды мереке үстінде құттықтап, сайысқа қатысушыларға тек жеңістер тіледі. Аудандық аурухананың бас дәрігері Бақытжан Мырзагелдиев; -Екі жыл пандемия болып, мәдени-спорттық шарадан алыстап кеттік. Ақ халатты жандардың пандемия кезінде халыққа қалай қызмет еткенін бәріңіз білесіздер. Денсаулық сақтау саласы қызметкерлері арасында жыл сайын спартакиада ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз,- деді. Екі күнге созылған аталмыш шара бойынша жарыс жеңімпаздарын атап өткеніміз дұрыс болар. Саулауатты өмір салтын ұстауға насихат жүргізіп ғана қоймай, іс жүзінде өздері қатысып, бөлім мен ауылдық емханалардың намысын қорғап жеңіс тұғырынан көрінген спортшыларды ата-сақ, жалпы қатысқан сегіз команда ішінен бірінші орынды Созақ аудандық емханасы, екінші орынды орталық аурухана әкімшілігі, үшінші орынды аудандық аурухана өзара бөлісті.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

## ТАҒАЙЫНДАУЛАР!

Аудан әкімінің Өкімімен Исабеков Әбдірашит Әбдінәбиұлы аудан әкімі аппаратының құжаттандыруды қамтамасыз ету және әкімшілік шаруашылық бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудан әкімі аппараты құжаттандыруды қамтамасыз ету және әкімшілік шаруашылық бөлімінің басшысы Әбдірашит Исабековтің жаңа қызметіне табыс тіледі.



Исабеков Әбдірашит Әбдінәбиұлы 31 тамыз 1989 жылы ОҚО, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Білімі–жоғары. 2012 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін «Ветеринариялық медицина» мамандығы және 2015 жылы Қазақстан инженерлі-педагогикалық халықтар достығы университетін «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2012 жылы Шолаққорған ауылының әкімі аппаратында келісім шарт негізінде статист маманы болып бастаған, 2013 жыл Қыземшек поселке әкімі аппаратының бас маман мал дәрігері, 2013 – 2017 жылдары Шолаққорған ауылы әкімі аппаратының бас маман мал дәрігері, ауыл шаруашылығы маманы, 2017 жылдың тамыз айынан қазірге дейін Созақ ауданы әкімінің көмекшісі болып қызмет атқарған.

Жанжұлы.

\*\*\*



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің Өкімімен Мыңжасаров Бекзат Бақытжанұлы аудан әкімінің көмекшісі қызметіне тағайындалды.

Мыңжасаров Бекзат Бақытжанұлы 8 маусым 1993 жылы ОҚО, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген.

Білімі – жоғары. Шымкент университетін 2014 жылы «қаржыгер» маман-

дығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2011 жылы Шолаққорған ауыл әкімшілігінде нұсқаушысы болып бастаған, 2012-2013 жылдары аудан әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде статист, 2013-2014 жылдары Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратына әскери есеп столы жөніндегі бас маманы, 2014-2018 жылдары аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің бас маманы, 2018 жылдың ақпан айынан қазіргі күнге дейін аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас маманы болып қызмет атқарған.

Жанжұлы.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Пайдалы семинар баршаға ортақ

«26-маусым Халықаралық нашақорлық пен есірткі бизнесінің айналымына қарсы күрес» күніне орай Созақ аудандық орталық ауруханасы СӨСҚ мамандары, «Жас Ұрпақ» жастар денсаулық орталығының мамандары және нарколог мейіргері Ж.Байдуллаеваның ұйымдастыруымен №2 Балалар мен Жасөспірімдер спорт мектебінде «Спорт нашақор-

лыққа қарсы» атты тақырыпта спорт мектеп жаттықтырушылары мен шәкірттеріне семинар сабақтар жүргізілді. Семинар соңында екі -жақты сұрақ жауап кері байланыс орнатылды. Психолог тарапынан тренинг ойындары жүргізілді.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Созақ аудандық қоғамдық кеңеске толықтырулар енгізілді!

Созақ аудандық қоғамдық кеңесі құрамы тағы екі мүшемен толықты «Қазақстан Республикасының Қоғамдық кеңестер туралы 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V Заңының 9 бабы «Қоғамдық кеңестерді қалыптастыру тәртібі туралы» 9-шы тармағының 2 бөлігіне негізделі отырып, Созақ аудандық қоғамдық кеңестің резервінен кандидаттар қосып, сандық құрамды 13 мүшеден 15 мүшеге арттырды.

Жаңадан сайланған қоғамдық кеңес мүшелері: Жұмақов Талғат Бейсенбекұлы, Бегманжұлы Сержан.



әрдайым дәріптеуіміз керек. Оның үстіне зәре-құтымызды қашырып отырған дәл бүгінгі зауал шақта халқымыз медицина мамандарының көмегіне одан сайын зәру болып отыр. Қызметіне адал, елге жанашыр дәрігерлер осынау сын сағатта уақытпен санаспай, еңбегін бұлдамай жаһанды жайлаған індетпен күресте аянбай тер төгіп жүр. Медициналық қызметкерлер күні

білім-білігін, күш-жігерін салып жатқан дәрігерлердің талпынысы дәтке қуат. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі қысылтаяң кезеңде алдыңғы шепте қызмет етіп жүрген дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне қуатты қолдау көрсетіп, зор сенім білдіріп отыр. «Коронавирус – батпандап кіріп, мысқалдап шығатын қауіпті дерт. Дегенмен біз індетке шал-





12 сәуір айында темір жол полкіне майор шеніндегі қызметке жіберілген. 1944 жылы наурыз айында жараланып, үш ай әскери госпитальде жатады. Содан соң жылы мамыр айының соңында әскери комиссияның шешімімен елге қайтарылады. Елге келген соң қызу еңбекке араласып, алдымен 1946-56 жылдары «Қайнар» колхозында бас есепші қызметін атқарған.

Кейін 1959-1982 жылдары аралығында Калинин совхозының бөлімшесі мсаналатын Абай ауылында ферма есепшісі болып қызмет

## Майдангер құрметіне турнир өтті

Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек және тыл ардагері, есеп саласының үздік қызметкері, марқұм Есмұратов Есбергеннің 100 жылдығына орай Шолақорған ауылында іс шара өтті. «Өлі разы болмай, тірінің тірлігі өнбес», «Өнемін десең өлгенге бер» демекші Есберген ұрпағы аудан орталығындағы орталық стадионда шағын футболдан Есберген Есмұратов атындағы турнирдің өтуіне мұрындық болды. Турнирдің ашылу салтанатында алдымен әнұранымыз көкте шалқыта шырқалып, көк байрағымыз көкке көтеріліп, жарысқа қатысушы спортшыларға күш қуат берді.

Түнгі сағат төрттен бастап жауған жауын да аталмыш шараның басталуына санаулы сәт қалғанда саябыр тауып, басыла берді. Жер дүниенің шаңы басылып, елдің еңсесі көтеріліп, табиғаттың ажары айшықтала түсті.

Аталмыш шараны аудандық мәслихаттың депутаты Берік Мыңжанұлы Тұрғанбаев ашып, спортшыларға сәттілік тілесе, еңбек ардагерлері Дадабеков Мәми, Шәдібеков Анарбай, Жолда-

сов Оразбек қариялар, ұрпақтары атынан Есбергенұлы Қазақбай, Есбергенқызы Алтын мен Гүлшат, Есберген атамздың жары Ұмсынай апа, Сызған ауылынан келген нағашылары атынан Төреш ағамыз Есмұратов Есберген атамз туралы өз естеліктерімен бөлісті. Енді Есмұратов Есберген атамз туралы деректерден келтіре кетсек, ол кісі 1922 жылы маусым айында Арқа өңірінде бақуатты отбасында дүниеге келген.

1932 жылы он жасында ата-анасымен бірге Шымкент облысы Созақ ауданы, Калинин совхозындағы (Төртши) қазіргі Абай ауылына көшіп келіп, ауыл мектебінен білім алған. 1940 жылы отбасын құрды.

1942 жылы 3 наурызда Ұлы Отан соғысына шақырылып, әскери қызметке жіберіледі. 1942 жылдың маусым айынан 1944 жылдың наурыз айына дейін Ұлы Отан соғысы кезінде ішкі әскер қатарында аға пулеметші міндетін атқара жүріп жау шабуылына тойтарыс береді. Ерен ерліктері бағаланып командирлер тарапынан ұсыныспен 1942 жылы

атқарып зейнеткерлікке шығады. «Ұлы Отан соғысы», «1941-45 жылдардағы Ұлы Жеңіске 20 жыл», «1941-45 жылдардағы Ұлы Жеңіске 30 жыл», «1941-45 жылдардағы Ұлы Жеңіске 40 жыл», «В.И.Лениннің туғаны 100 жыл», «Германияны азат еткені үшін», «Ерлігі үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» және тағы басқа да көптеген орден, медалдармен марапатталған.

Ұлы Отан соғысы ардагерінің құрметіне орай өткізілген жарысқа ауданымыздан және ауданнан тыс аймақтардан «БЖСМ-2», «Жұлдыз», «Жібек жолы», «Үш ата», «Абай», «Созақ», «Қыземшек», «Жаңатас» командалары қатысып, бірінші орынды «Жаңатас», екінші орынды «Таукент», үшінші орынды «Үш ата» командалары иеленіп, бағалы сыйлықтар мен ақшалай марапаттарға ие болды. Сондай-ақ, қатысқан командалардың барлығы жүлдесіз қайтқан жоқ. Түс әлетінде Есмұратов Есберген атамздың рухына бағыштап «Нұрасыл» дәмханасында ұрпақтары ас берді.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

## Әруақтарға құран бағыштап, ас берілді



Саңғыл биге арналған кесене 1999 жылы Созақ ауданы, Сызған ауыл әкімшілігіне қарасты Басбұлақ ауылында бой көтерген. Қазіргі таңда кесене маңы аббаттандырылып адам танымас-тай болып өзгерді.

Кесене басына жыл сайын жер-жердегі ұрпақтары жиналып Алла разылығы үшін ас беру үрдісі екі жылдық пандемияға байланысты үзілістен кейін биыл қайта жалғасын тапты. Отырар ауданында ғұмыр кешіп жатқан Саңғыл бидің ұрпақтары ерекше дайындықпен келгеніне куә болдық. Осы шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков те арнайы ат басын бұрып ашылу салтанатына қатысты. Баба басынан бастау алған іс-шаралар сахнада, футбол, күрес алаңдарында қатар жүріп жатты. Кесене қасында орналасқан сахнада Бекарыс Шойбеков бастаған айтыс тарландары өнер көрсетсе, Отырарлық артистер Саңғыл биге арналған қойылымды көпшіліктің назарына ұсынды.

жуық салмақ тартатын қошқарды көтеруге 9 үміткер тіркелген-тін. Алғашқы болып шыққан Бекзат Аманжол қошқарды 16 мәрте көтерген болатын, одан кейін бұл сан арта түсті. Үшінші болып көтерген Жанасыл Кәдірбек қошқарды 51 мәрте көтеріп ұзақ уақыт көш бастап тұрды. Рет саны бойынша сегізінші болып шыққан шолақорғандық Қобыланды Орынбасар қошқарды 201 рет көтеріп көпшіліктің құрметіне бөленді. Қобыланды кір тасын көтеруден Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, Азия құрлығының жеңімпазы екенін де атап өткен жөн. Көрермендердің көбісі ойша Қобыландыға қошқарды жетектегіп жіберген болатын. Алайда, ең соңғы болып қара қошқарды мойнына қондырған сызғандық Дулатбекұлы Досжан осы ойдың күл-паршасын шығарды. Қошқарды 210 рет көтеріп жарыс жеңімпазы атанды. Айта кетерлігі, 2019 жылы өткен Саңғыл би асында да Досжан қошқар-

## Халыққа қызмет-ұрпаққа міндет

Елдік бұрат, ұлттық мүдде жолындағы істерде зиялы қауым өкілдері қашан да алдыңғы шепте болғаны ақиқат. Солардың бірі де бірегейі ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы. Елін сүюді, жерін қастерлеуді әрбір азамат ұлт ұстазынан үйреніп, үлгі алса жарасар еді. Айтқан сөзі жалын атып, ісі ұмытылмастай болған ұстаз халқын маса болып шағып, түңгі ұйқысынан айырылып халқына жөн сілтеумен өмірінің ақырына дейін антына адал болды. Қазіргі күнде жаһан жаңалықтарын жердің қай түкпірінде нендей оқиға болып жатқанын біліп отыру ғаламтор арқылы екені даусыз. Ал сол кезде ондай жаңалықтардан хабарлар тарату газет арқылы еді. Тіпті ғаламтор дамысада қазіргі күнде THE NEW YORK TIMES секілді ірі-ірі басылымды газеттердің таралу аясы әлі де бәсеңдеген жоқ. Ұлт ұстазы Ахаңның кіршіксіз сүрген өмірінен қазіргі жас, аға буын үлгі алу мақсатында елге атқарған қызметінің бір бөлігін жаза кетуді жөн көрдік.

Қазақ халқын бұрындары қырғыз деп атағаны белгілі. 1913-1918 жылдары қырғыз атанған жұртының атауын қайта жаңғыртып, «Қазақ» газетін шығарды. Газеттің ұйымдастырушысы әрі бас сарапшысы қызметінде атқарған. Қазақ газетінің алғашқы санындағы халыққа арнаулы былай аяқтапты: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп қызмет ету қазақ баласына міндет. 2021 жылы 5 қаңтар күнгі Президент

Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы Егемен Қазақстан газетінде жарық көрді. Сол мақаладан үзінді жазсақ жөн болар: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен «Алаш» қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды. Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртұар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. «Алаш» арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс».

Жақында көрерменге жол тартқан көп сериалы «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты фильм халықтың ыстық ықыласына бөленді. Алдағы уақытта да бұл үрдіс жалғасын таба жатар. Байқаған болсақ Ұстаздан ұрпақ қалмады. Бірақ ұлты үшін қаны мен жанын аямай маңдай терін төккен қолындағы қаламын қару еткен Ахмет Байтұрсынұлы ұрпақ жадынан мәңгілік өшпек емес.

**Қ.ҚОСМАХАНОВ,**  
**Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.**



Ал сол кезде, күрес алаңында қазақ күресінен балуандар боз кілемнің шаңын қақты. Бір күн бұрын басталған кіші футбол турнирінің ақтық сынында Сызған ауылының «Сызған» және «Нұржан» командалары кездесіп ойын нәтижесі пенальтиде анықталды. 3:1 есебі тіркелген ойында «Нұржан» командасы жеңімпаз деп танылды.

Осы күнгі ең қызықты өткен шара «қошқар көтеру» жарысы болды. 80 келіге

ды 82 рет көтеріп чемпион атанған болатын. Спорт жарысындағы барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Жалпы бүгін өткен шара өте жоғары деңгейде болып өткендігін айтсам қателеспеймін. Өйткені, бұл естігенім емес, көзбен көргенім. Қазақ өз тегін бөліну үшін емес, бірігу үшін білуі тиіс.

**Сержан БЕГМАНҰЛЫ,**  
**Сызған ауылындағы штаттан тыс тілші.**

Оқырмандарымыздың есінде болса, екі- үш жыл болды әр жаз маусымы келген сайын төрт түлік малдың жем- шөбін дайындау жүде өзекті мәселе боп алды. Әйтпесе, сонау кеңес заманынан бері де ауыл және мал шаруашылықты біздің ауданымыз үшін малдың қыстайғы азығын дайындау өзекті шаруа болатын. Ал енді, бұл шаруа қожалықтарға және тұрғындардың қолында бар малының жем- шөбін дайындау науқанын бұрынғыдан да өзекті етіп отырған не нәрсе? Әрине, бірінші кезекте социализмнен капитализм деп аталатын жүйеге өткеніміз. Мәселен, кеңес кезінде компартия бар еді дағы барлық жұмысты жүйелеп қоятын. Нәтижесінде, елдегі жұмыстың барлығы сағаттың тіліндей ретімен сырғып отыратын. Қадағалау мықты болған-



жүріп реттей алмаған шөптің бағасын биыл Құдай реттепті. Қалай дейсіз ғой? Былтырғыдай емес, биыл көктемгі жауын-шашын көп-көсір болып, еліміз бен облыс аумағы шөпке көміліп қалды. Нәтижесінде, ауданымызға көршілес облыс, аудандардан шөп тиеген жүк көліктері ағылып келуде. Әрине, ә дегенде суармалы жоңышқаның бағасын 900 теңге деп шіренген алыпсатарлар, толассыз жауған жауынның салдарынан жоңышқаны 700-650 теңгеге, ал, дала шөбін 500- 450 теңгеге түсіруге мәжбүр болды. Өйткені, біріншіден, шөп көп. Екіншіден, орылып егіс даласында жатқан шөптің барлығы дерлік көгеріп, жарамсыз боп қап жатты. Меніңше, бұл кәсіпкерлерге сабақ болды. Ал енді, қай кезде де аудан тұрғындарына шөптің көп бөлігін беретін Жондағы

# Сүйінші, шөптің бағасы реттеліп келеді!

дықтан, жауапкершілік те мықты еді. Оның үстіне, бәрі қоғам үшін деген психология бар еді дағы жекеменшік деген мүдде мүлдем жоқ болатын. Ал қазір бәрі жеке меншіктік мүдде тұрғысынан қарайды және жергілікті билік бұл тұрғыда кәсіпкерлерге бірдеңе деп бұйыруға заң алдында қауқарсыз. Бар болғаны: «Бұлай етсек болмай ма, олай етсек қалай болады?» дан аса алмайды. Мұны, бұқара халықтың сұрануымен осы жем- шөптің бағасын реттеу үшін ауданнан шығатын жұмысшы топтың құрамында жүрген соңғы үш- төрт жылда анық аңғардым. Жылда, Жартытөбенің халқы Жондағы шөптің тым қымбаттап кеткенін айтып аудан әкімдігіне шағымданады. Соның нәтижесінде, аудан әкімдігінің ауылшаруашылық бөлімінің ұйымдастыруымен Ардагерлер, Қоғамдық Кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары мен БАҚ өкілдерінен жасақталған жұмысшы топ Жонға барамыз. Аудан және ауыл халқы, жұмысшы топ өкілдері және осы ауылшаруашылығы саласында жүрген кәсіпкерлер болып, жем- шөптің жайын сөз етеміз. Әуелі, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің қызметкерлері арнайы дайындап барған калькуляциямен жиналғандардың барлығы танысады. Нақты дайындалып барған калькуляцияны кәсіпкерлердің өздері мойындауға мәжбүр болады. Айтар уәждері болмаған соң, жылдағы әдеттері бойынша жиылған көпшіліктің алдында мамандар дайындап барған калькуляциядағы бағаға өздерінің үстеме бағаларын қойып, ортақ мәмілеге келеді. Артынша, барша жиналған жұртшылық бәтуеласып, ауыл ақсақалдары бата беріп тарқасамыз. Тіпті, былтырғы жұмысшы топтың құрамында бұрынғы аудан әкімі Салыхан Полатовтың өзі де болды. Сонымен, бұқара мен биліктің арасына алтын көпір боп жүрген біз, жергілікті БАҚ өкілдері бұл бәтуа жөнінде өкіртіп аудандық “Сөзақ үні”

газетіне үндеу мақала етіп жариялаймыз ғой кеп. Бірақ, нәтиже жоқ. Себебі, бұқара да билік те кәсіпкерге өтініш айта алады, бұйыра алмайды. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай кәсіпкердің құқығы заңмен қорғалған. Заңмен қорғалмай тұрған тұтынушының ғана құқығы. Негізінде, тұтынушының құқығы жөнінде де заң бар, бірақ жұмыс істемейді. Бәлкім істеп те жатқан шығар, біз, бұқара халық әлі- әзір оның пайдасын көре алмай отырмыз. Әсіресе, былтырғы жылы еліміз бен облысымыздың бірқатар аймақтарында қуаңшылық орын алып, шөп шықпай қалды да шөптің бағасы шарықтап кетті. Асылында, біздің ауданымызда шөп былтыр бітік шықты, бірақ, көршілерімізде болмағаны үшін солар тура

бағасы 1000 т мен 1500 теңгенің арасында шарықтап тұрды. Суармалы емес жоңышқа мен дала шөбінің бағасы да сол мың теңгеге жете жығылды. Кәсіпкердің қалтасы қампайды, ал, халықтың тұрмысы талтайды. Міне, осы жағдай биыл тағы да қайталанбас па екен деп елеңдеген ел бұл жолы ерте бастан шуласты. Көктем шығып, жаз кіргелі жерлестеріміз барлық әлеуметтік желілерде осы жем-шөп бағасын талқылаумен болды. Сондай бір талқылау таяуда, Шолаққорған ауыл әкімі Әділ Елібаевтың есеп беру жиынында орын алды. “Парасаттықтар” мен жергілікті қоғамдастықтың мүшелері, ауыл шаруашылығына қатысты бөлімдер мен шаруа қожалық иелері қатысқан жиында көптеген өзекті мәселелердің арасында осы жем-

егістік алқаптары, жоңышқаға да бидай мен арпаға да бітіп қапты. Бұны, өткен бейсенбі күні Жонға барғанымызда байқадық. Уақыттың тапшылығына қарай бір ғана «Бабата-1» ЖШС-ның иесі Сәуле апайымыздың ұлы Абылаймен ғана жолығып, сұхбаттасудың реті түсті. Абылайдың сөзінен ұққанымыз, биыл бидай да, жоңышқа да жылдағыға қарағанда бітік шығыпты. Нақтырақ айтсам, 150 гектар жерге егілген көктемгі бидайдың белуардан келетінін ортасына бойлап барғанымызда аңғардық. Ал, былтырғы екен жоңышқасы орылып, дестеленіп, гүлімен (пәрігімен) жатыр екен. Бағасын 600 теңге деп тұр екен, аудан тұрғындары атынан біраз саудаласып, 500 теңгеге келістірдік. Әрине, бұл үшін Абылай інімізге рахметтен басқа айтарымыз жоқ. Дегенмен, Шолаққорған ауыл әкімдігіне қарасты шаруақожалық иелері суармалы жоңышқаның бағасын әлі де болса 900- 800 теңге деп, әлі де қасарысып отыр. Кейіпкеріміздің айтуынша, жоңышқалықтың көлемі 200 гектарды құрайды екен. Соның ар жағында жерлесіміз Сапаров Мараттың егістік алқабы бар екен. Арпа егіпті деген соң барып көріп едік, бұл егістік алқабы да керемет жайқалып тұр екен. Ең бастысы арпаның да бидайдың да дәндері кәдімгідей толық екен. Былтыр кәсіпкерлер түсіріп жіберген көңілімізді биыл Құдайдың өз көтерді. Жайқалып тұрған Жонның егіс алқаптары көздің жауын алатындай еді. Бір өкініштісі, алдыңғы жылдары дұрыс өнім ала алмаған бірқатар шаруақожалық иелері биыл қорқақтап, егін екпей қалыпты. Міне осы орайда, деген мақалы еріксіз есіме түсіп отырғаны. Айтайын дегенім, былтыр қымбат сатсам деген кәсіпкердің де арзан алсам деген халықтың да биыл Жаратқан дұғасын қабыл алып, егісті үйіп- төгіп бере салыпты.

Данияр БЕК.



егістіктің басынан қымбат бағада сатып алып, тасып алып кетті. Міне, бұл жағдайда да «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа» табылмады. Әрине, бұл ретте жұмыс атқарылмады деуге болмас. Бірақ, бәрі нәтижеге байланысты ғой, ол бізде нөл болды. Есесіне, суармалы жоңышқаның

шөп бағасы да болды. Нәтижесінде, кешегі аптаның соңында ауданнан жұмысшы топ шығып, Шолаққорған ауылындағы жүк-көліктері тұратын тұраққа және жерлестеріміз Жон атап кеткен егістік алқаптарына барып қайттық. Байқағанымыз, жылда бұқара мен билік өкілдері шулай

## Жыл басынан бері қазақстандықтар БЖЗҚ-ға 523 миллиард теңгеден астам қаржы аударды

2022 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында 13,0 трлн теңгеден астам зейнетақы жинақтары қалыптасты. 01.05.2021ж. мен 01.05.2022ж. аралығындағы бір жыл ішінде бұл қаражат 356,9 млрд теңгеге немесе 2,8% ұлғайды. Жинақтар өсімі жарналар мен инвестициялық табыс түріндегі кіріс ағындарын, сондай-ақ, зейнетақы төлемдері түріндегі шығыс ағындарын, оның ішінде тұрғын үй мен емделуге арналған біржолғы төлемдерді ескере отырып есептелді. Зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігі міндетті

зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен 12,6 трлн теңгені (соңғы 12 айда өсім 2,4%) құрады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары 377,4 млрд теңге (өсім 18,2%), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы көлемі шамамен 1,8 млрд теңге. \* \* \*

## Таза инвестициялық табыс 6,2 триллион теңге болды

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинақтарының сомасы 2022 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша 13,0 триллион теңге. Бұл қаражаттың зейнетақы жарналары мен инвестициялық табысты қамтитыны белгілі. Зейнетақы жинақтарындағы инвестициялық та-

быстың үлесі жыл сайын өсіп келеді. Жалпы, барлық зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға біріктірген сәттен бастап Ұлттық банк қамтамасыз еткен таза инвестициялық табыс 6,2 трлн теңгеге жетті.

2022 жылдың 1 қаңтары мен 1 мамыры аралығындағы таза инвестициялық табыс шамамен 128,7 млрд теңге болды.

Жыл басынан бері геосаяси ахуалдың нашарлауы салдарынан әлемдік қаржы, тауар нарықтарындағы құбылмалылық өсіп, инфляцияның жоғарылауына, сондай-ақ, зейнетақы активтерінің табыстылық көрсеткіштеріне де кері әсері тиді.

Зейнетақы активтерінің кірістілігі нарықтық және валюталық қаржы құралдарын қайта бағалау нәтижесінде өзгеріп отырады. Ол жыл басынан бері түрлі кезеңдерде оң да, теріс те нәтиже көрсетті.

«Сөзақ үні»-ақпарат.

Созақ ауданы әкімдігінің қаулы жобасы

**“Созақ ауданына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көп пәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы”**

“Тұрғын үй қатынастары туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына, “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 16-5) тармақшасына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Созақ ауданына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көп пәтерлі тұрғын үйлердің қас беттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Созақ ауданы әкімінің орынбасары Б.Әлмағанбетке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі **М.Тұрысбеков**

\* \* \*

Проект постановления акимата Созакского района

**«Об утверждении Правил организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровели многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика в Созакского района»**

В соответствии с подпунктом 11) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», подпунктом 16-5) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат Созакского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемые Правила организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровель многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика в Созакского района.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Созакского района Б.Алмағанбет.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким района **М.Турысбеков**

Созақ ауданы әкімдігінің қаулы жобасы

**Созақ ауданында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 10-3 бабы 2 тармағының 16) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37 бабы 2-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 249 «Коммуналдық көрсетілетін қызметтердің тізбесін және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынуудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бйрығына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Әлмағанбетке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі **М.Тұрысбеков**

\* \* \*

Проект постановления акимата Созакского района

**Об утверждении правил предоставления коммунальных услуг в Созакского района**

В соответствии с подпунктом 16) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года №94 «О жилищных отношениях», пунктом 2 статьи 37 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и приказом и.о. министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 29 апреля 2020 года № 249 «Об утверждении перечня коммунальных услуг Типовых правил предоставления коммунальных услуг» акимат Созакского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемые правила предоставления коммунальных услуг в Созакского района.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района Б.Алмағанбет.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким района **М.Турысбеков****ХАБАРЛАНДЫРУ****Аудандық қоғамдық кеңес мүшелерінің назарына**

Аудандық қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2022 жылдың 21 маусым күні сағат 11: 00 де Шолаққорған ауылы «Ардагерлер үйі» мәжіліс залында өтеді.

Қоғамдық кеңестің күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады.

1.Құмкент ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

2.Жартытөбе ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

3.Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің 2022 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

4.Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің 2022 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

5.«Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалы, Созақ аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінің 2022 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

туралы есебі.

6.«Созақ ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 тамыздағы «Созақ ауданының жалпы үлгідегі мектеп-интернаттарда, мектеп жанындағы интернаттарда тұратын балалардың тамақтану шығыстарын өтеу туралы» № 296 қаулысының күшін жою туралы» қаулының жобасын талқылау.

7.«Созақ ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 22 қарашадағы «Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы» №411 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулының жобасын талқылау.

8.Басқада мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 21 маусым күні сағат 10:00 де аудандық «Ардагерлер үйінде» жүргізіледі.

**М.САПАРОВ,****Аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы.****«Мақал-сөздің мәйегі»****атты аудандық отбасылық байқауының ЕРЕЖЕСІ**

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, оның мәртебесі мен маңыздылығын насихаттау, қазақтың мақал-мәтелдерінің мағынасын түсіндіру, өмірде қолданылатын орнын атап айту, ұлттық дәстүрді құрметтеу, отбасы құндылығын арттыру мақсатында «Мақал-сөздің мәйегі» атты аудандық отбасылық байқауы өткізіледі.

Байқау шарттары: Байқауға аудан тұрғындары қатыстырылады.

1.Таныстыру. Қатысушы отбасы жайлы мәлімет берілген бейнеролик дайындау (2 минут)

2. «Салт-дәстүр-асыл қазына». Қазақ халқының мақал-мәтелдері, нақыл сөздері, тыйым сөздеріне және қазақтың ұлттық ойындары, салт-дәстүрі мен әдет ғұрпына байланысты бейне таныстырылым жасау. Мүмкіндігінше отбасындағы балаларды қатыстыру. (2 минут)

3. «Жеті жұрттың тілін біл» (Отан, туған жер, еңбек, тіл, білім тақырыптарындағы 10 мақал-мәтелді мемлекеттік тіл, орыс және ағылшын тілдерінде айтып, оны бейнеге түсіру. (бейнеролик әзірлеу 2 минут)

Байқау шартына сәйкес, бейнероликтер, қатысушылардың жеке куәлігі мен туу туралы куәліктерінің көшірмелері аудандық «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 2022 жылдың 27 маусымына дейін 8 771 627 02 06 байланыс нөміріне немесе [sozak\\_tilder@mail.ru](mailto:sozak_tilder@mail.ru) эл. почтасына жолдануы керек. Жолданған бейнероликтер орталықтың әлеуметтік желілердегі парақшаларында жарияланатын болады.

Байқау қорытындысы 2022 жылдың 29 маусымында анықталатын болады.

Қазылар алқасы байқау қатысушы үміткерлерді бағалау кезінде:

-түсірілген бейнероликтің мәнділігіне;  
-дауыс мәнері, тіл тазалығы мен тіл мәдениетінің сақталуына;  
-сөз саптауына баса назар аударады.

Байқау жеңімпаздарына Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің арнайы дипломдары мен алғыс хаттары тапсырылады.

**Анықтама үшін мекен жайымыз:**

Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ Шолаққорған ауылы, Жібек жолы кешесі, 5, «Мыңжылқы» мәдениет үйі 1-қабат.

Байланыс /факс/ телефоны: 4-29-85, 8 771-627-02-06.

**Аудан көлемінде «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» республикалық акциясы өтуде**

ҚР ІІМ-нің 2022 жылға арналған Операциялық жоспарына сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы халықты ақпараттандыру, олардың полиция органдарына сенімін арттыру, қоғамда отбасының рөлін нығайту, Аудан көлемінде ағымдағы жылдың 13-21 маусым аралығында «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» республикалық іс-шарасы өткізіледі.

Акцияның мақсаты: Азаматтардың полицияға деген сенімін нығайту, халықтың бұқара тобын отбасында әйелдермен балаларға қатысты зорлық-зомбылықты ескерту, жолын кесу, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жасауға бейімді адамдармен жеке-профилактикалық жұмысты жүзеге асыруға бағытталған жүйені қалыптастыру, сондай-ақ әйелдердің өздерінің құқықтық білімін арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы халықты таныстыру сондай-ақ, Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикалық туралы акция өткізу үшін Аудан әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі

комиссия мүшелері, мүдделі мемлекеттік органдары, полиция органдары қызметкерлері, жергілікті аудан атқарушылар органдары, прокуратура, үкіметтік емес ұйымдар, Білім беру, денсаулық сақтау, еңбек және халықтық әлеуметтік қорғау бөлімі, және бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып кәсіпорындарында, ұйымдарда және мекемелерде құқықтық түсіндіру жұмыстарын өткізу мақсатында ұтқыр консультативтік топтар құрып, белгіленген мерзімде жұмыстарды ұйымдастырылады.

Егер Сіз немесе Сіздің жағындарыңыз, таныстарыңыз Отбасылық зорлық-зомбылыққа душар болсаңыздар АЙТЫҢЫЗ!!!

АПБ ӘЗЗҚТ инспекторы полиция майоры А.Манапова-87783339929, АПБ 102 сенім телефонына хабарласуға болады. Сонымен қатар әр аймақ бойынша учаскелік полиция инспекторларының ұялы телефондарына байланысуға мүмкіндік бар.

**Айжан МАНАПОВА,**  
**Созақ АПБ ЖПҚ ӘЗЗҚТ инспекторы**  
**полиция майоры.**



**(Жалғасы.  
Басы өткен санды).**

Амантайдың ауылы абыр-сабыр. Бұлақтың басында жылқы сойылып жатыр. Қазанға нан пісіріп жатқан әйелдер. Біз Жанәділ болыс екен деп кірдік. «Ассалаумағалейкум» деп алдымен Жақсыбай кірді. Жақсыбай - ұзын бойлы, ірі қапсағай денелі, шабандоз адам. Кірсек, Амантаймен бірге төрт адам отыр. Біреуі-өзіміздің Әлдібай палуан. Әбдірасыл палуанның баласы. Әлдібай кемінде үш-төрт адамға әлі келетін палуан денелі еді. Төрте отырған үшеудің біреуін таныдық. Созақтық тама жігіт. Екіншісін танымадық. Ал ортасында отырған өте сымбатты, қара жұртты сұлу өңді жігіт ағасы екен. Сәлемдесіп, отырдық.

Амантай «Сендерді әдейі шақырдым. Ауылда Қамбарбек жоқ екен. Бір жаққа жолаушылап кетіпті. Мына отырған жігіттерді Созақтан Тоқабай

жатса, алдынан бір екі атты шауып шығады. Қолдарында сойылы бар. Олар бес қаруы түгел найзасы бар алып батырды көргенде тоқтай қалады. Мәліктөре найзасын ыңғайлап, «Кел батырларым, шайқасасыңдар ма?» деп ұмтыла бергенде, екеуі аттан секіріп түсіп «Жансауға батыр, жансауға» деп басын иіп отыра қалады. Мәліктөре:

-Мына ақ отау кімдікі, бұл қай ауыл?-дейді.

Олар: «Батыр, бұл Сейфолла молданың отауы, ауыл соның аулы», -дейді

Мәліктөре: «Онда мені сол кісіге қарай бастаңдар», - дейді. Олар атына мініп, алдына түсіп шапқылай жөнеледі. Барып аттан түскен әлгінің біреуі үйге кіріп, біреуі Мәліктөренің атын байлайды. Үйге кірген жігіт қайтып шығып:

-Батыр, кіріңіз, - дейді. Мәліктөре найзасын белдеуге қыстырып, үйге

Садуақастың (Сәкеннің) большевик екенін, оның қолдақтың қолында қамауда отырғанын мұңая отырып әңгімелеген екен.

Үшеуін қыр астына қалдырып ауылға кірдім. Ауыл сыртында мал айдап жүрген егделеу адамнан Шәді төренің үйін сұрадым. Ауылдың күн батыс жағында екен. Ол біз үшін дұрыс болды. Шәдінің үйіне келіп атты байлап, ішке ендім. Ешкім көрінбейді. Төргі бөлмеге өттім. Төрте қалың көрпешенің үстінде әппақ ақ киінген, басында шағындау сәлдесі бар ақсақалды, шағын бойлы кісі кітап оқып отыр екен.

-Ассалаумағалейкум,-деп сәлем бердім.

-Уағалаейкумассалам,-деп сәлемімді алды.

-Кел, шырағым! Жоғары шық. Қайдан келесің? Кімсің?- деді. Мен:

-Ақсақал, мен Қозмолдақ-Сызғаннан келдім. Жандарбектің баласы-

-Таң ата аттанамыз. Өйткені бұл жақта онсыз да екі-үш жұмадай болдым. Түркістаннан хабар да келіп қалуы керек. Соған асығыстауымыз, - деді. Мәлік:

-Онда мен мейман күтуге әрекет жасайын, - деп шығып кетті.

Сәкен мен Шәдітөре көп әңгімелесті. Көп әңгімелер айтылды. Сәкен басынан өткен қиын шақтарын әңгімеледі. Кешкі намаздың уағында Мәліктөре келіп:

-Кәне, үйге, дәмге жүріңдер, - деді. Үйі жақын екен. Дастархан жасап тастапты. Тай сойыпты. Таңға дейін дәм жеп, әңгіме дүкен құрдық. Таң ата Сәкен ұрықсат сұрап жолға шықтық. Сәкен Шәдітөремен қышақтасып, көрісіп қоштасты. Мәліктөре бізді ауылдан көп жерге дейін атпен шығарып салып, Сәкенмен «амандықта жолғайық» деп, атан түсіп көрісіп қоштасты. Біз көзден таса болғанша, Мәліктөре атына мінбей

# ӘЙГІЛІ ӘННІҢ ТАРИХЫ

## Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» атты әні туралы

міліса жіберіпті. Ана ортадағы өкімет адамы Сейфуллиннің Сәкені екен. Большебек. Сәкен туралы естуім бар еді. Мына қасымдағылар - Тоқабайдың адамдары. Бүгін меймандық болады. Мына екі жігіт Созаққа қайтады. Ал мына мейманды ертең аздаң Құмкентке апарып келулерің керек. Ол Шәдітөре ақын мен Мәліктөреге сәлем бермекші. Бұл кісіні көптің көзіне көп түсірмей қорғап апарып, алып келесіңдер. Келгеніне екі жұмадай болыпты. Тоқабай Түркістанға адамдар жіберіп, ол жақтың жағдайын біліп, хабар беру керек екен. Түркістанда ақпен-қызыл жеңісе алмай жатыр деп естиміз. Қызылдар жеңсе, бұл кісі Түркістан аспақшы. Тоқабай бұл кісіні сақтап, аман-есен Түркістан өткізбекші. Бұдан Қарақұрдағы Жанәділ болыс та хабардар екен. Аманатқа қиянат жасатпауымыз керек. Кәзір дәм жеп болған соң, мына екі жігіт Созағына қайтады. Мейманды ертең сен үшеуің апарып алып келесіңдер» деді.

Амантай мейманға арнап тай сойдырған екен. Дәм жеп болған соң, әлігі екі жігіт Созаққа қайтып кетті. Біздер түннің бір уағына дейін әңгімелесіп отырдық. Сәкен басынан өткен оқиғаларды, Кеңес өкіметі туралы көп әңгіме айтты. Қамалғанын, одан қашып арқа арқылы Түркістан асып келе жатқанын әңгімеледі.

Аттарымызды сайлап, аздаң ерте жолға шығып кеттік. Ақбоздың жорғасына зорға ілесіп суыт жүріп кеттік. Елден шыққан соң Қарашеңгелдің (Қотаншеңгел) астына қарай тартып отырып, құмның жиігімен Құмкентке бет алдық. Құмкентке түс ауа бесін намазы өткен кезде жеттік. Ауылға жақындап, бір қыр қалғанда тоқтап, біреуіміз барып Шәдітөрені, Мәліктөрені тауып хабарламаушы болдық. Ешкімнің көзіне түспеуіміз керек. Олар маған барлап, мән жайды түсіндіріп, «Үйі қай жағында екен, Мәліктөре үйінде ме екен соны біліп кел» деп жіберді. Жолда келе жатқанда Сәкен әкесінің «Шәдітөреге сәлем бер. Мәліктөре менің өкіл балам болған, барып қолын ақ» деп тапсырғанын айтқан. Мәліктөренің Сейфуллинге қалай өкіл бала болғанын, Шәдітөре туралы келгенше әңгімелеп берді. Жақсыбай «Мәліктөре қалай бала болып жүр?» деп сұрады.

Сонда Сәкен: «Менің әкем Сейфолла арқада жаз жайлауда отырғанда, Мәліктөре барады. Ол кісі бүкіл қару-жарағымен арқада жортып жүрген кезі екен. Кең жайлауда үлкен ақ үйдің тігулі тұрғанын көреді. Қалған қараша үйлер төменірек, өзен жағасына тігілген екен. Мәліктөре жалғыз тұрған үйге қарай келе

«Ассалаумағалейкум» деп сәлем береді. Төрте ақ төсектің үстінде әппақ киінген, ақсақалды кәрия отырады.

-Уағаликумассалам, сәлемші болсаң төрге шық», - дейді. Төрте кілем төсеулі көрпеше салулы екен. Мәлік төре әдепсіздік жасамайын деп кәрияны көрген соң қаруларын шешіп керегеге іліп, бас киімін шешіп, отыра қалып, ұзын қонышты саптама етігін шешіп, төрге барып кәрияның қолын алады. Кәрия:

-Қай баласың? Қайдан келесің, кім боласың? - дейді. Мәліктөре:

-Мен Мәліктөре деген боламын. Арқада жалғыз жортпамын. Жан таллаппын, - дейді. Кәрия Мәліктөренің бетіне қарап отырып:

-Мәліктөрені естуім бар. Бірақ ол жалғыз жортпаиды деуші еді. Мәліктөре екеніңді қалай дәлелдейсің?- дейді.

Мәліктөре:

-Сізге қалай дәлелдейін? Сынағыңызды атаңыз, - дейді. Сонда Сейфулла кәрия:

-Ана есіктің алдында жатқан дәу бөренені көрдің бе? Соны көтеріп ана төмендегі өзеннің бойына апарып, бір басын суға батырып әкелсең, сенуім мүмкін,- дейді.

Мәліктөре бар қаруын тастап, кісесін беліне буып, етігін киіп, сыртқа шығады. Есіктің алдында ұзындығы бес-алты метрдей дәу жуан бөрене ағаш жатыр екен. Мәліктөре дәл ортасына барып отырады да, екі аяқты алға созып жіберіп, екі қолына бөренені саумалап-саумалап беліне дейін көтереді де, екі аяғын жиып «Әу!» деп тік көтеріледі. Сол көтерген бойда әжептәуір жердегі өзенге барып бір басын суға батырып, қайтып әкеп орнына тастайды. Сонда Сейфулла кәрия сыртқа шығып қарап тұр екен.

-Жарайсың, балам! Шын Мәліктөре екенсің, қонағым боласың, -дейді де, әлгі екі жігітке тай сойыңдар, бұл кісі екі-үш күн мейманым болады, -дейді. Сонымен үйге кіріп әңгіме-дүкен құрады. Сонда Мәліктөре ағасы Шәдітөренің кітабын оқып отырғанын көреді. Шәдітөрені сұрайды. Шәдітөренің Қазан баспасынан шыққан кітаптарын көреді. Шәдітөре туралы көп сұрайды. Бір көрсем-ау деп армандап жүргенін айтады. Екеуі көп сөйлеседі. Сол кезде дастархан да келіп, әңгімені дәм үстінде жалғастырады.

Мәліктөре үш күн Сейфолла кәриямен бірге болып, әбден сырласады. Сейфолла кәрия, Мәліктөренің еркін ойлы, әрі батыр, әрі сері екенін, оның да көкейінде жүрген зар-запыраның түсінеді. Үш күннен кейін Мәліктөре жолға шығады. Сол әңгімеде Сейфолла кәрия, баласы

мын, -дедім. Ол:

-Ия! Жандарбектің қай баласысың? Оқуда бір баласы бар деуші еді. Сол емессің ба?- деді.

-Ия! Сол баласымын. Өзі өлерінің алдында оқудан шақырып алған, - дедім. Ол:

-Әкеңе көңіл ата алмадым. Алла жар болсын. Иманды болсын. Жанын жаннатқа берсін. Ол кісіні Қарабураға апарды деп естіп едім. Әулие жар болсын, - деп көңіл айтты да, маған: - ал жол болсын не шаруамен келдің?-деді. Мен:

-Шаке! Сізге бір кісі сәлем беруге келе жатыр. Сейфулланың Сәкенімін дейді, - дедім.

-Е! Ол қайдан жүр? Сейфулла арқада емес пе? Өкіметке араласып жүрген баласы бар деп еді,- деді де, олардың қайда? Неге ертіп келмедің?- деді. Мен:

-Ол кісіні аңдушы көп, сондықтан жасырын келіп тұр. Түркістан аспақшы, - дедім.

-Онда ертіп кел, - деді. Мен шығып бара жатқанда, кимешек киген кейуана кіріп бара жатты. Мен сыртқа шығып, барып әлігі үшеуін ертіп келдім. Бір жігіт келіп, аттарды қораға алып кетті. Біз үйге келдік. Есік алдында Шәді төре өзі қарсы алды. Сәлемдесіп, аман-саулықтан соң үйге кірдік. Шәдітөре:

-Ал жол болсын жігіттер? - деді. Мен оларды таныстырдым. Сәкенді айттым, үндемей әбден тыңдап алды. Шәдітөре:

-Сәкенжан, әкең Сейфулланы жақсы білемін, Онымен екі рет кездесіп, жақсы әңгіме құрған едім. Көкірегі даңғыл, кең жүректі, парасатты кісі еді, -деп еске алды.

Екі жігіт дастархан жайды. Шай да келді. Әлгі жігіттің біріне:

-Мәлікті шақыршы, кісі келді де, - деді.

Шай үстінде үйге Мәліктөре кіріп, сәлем берді. Әкесі биік палуан денелі иықты сымбатты кісі екен. Дастарханға ол да отырды. Шәдітөре:

-Мәлік! Мына жігіттер сәлем беруге келіпті. Ана ортада отырған жігіт әлігі сен айтып келген Сейфолланың баласы екен, - деді. Мәлік орнын атып тұрды, Сәкенге қарап:

-Кел, бауырым, қышақтасып көрісейік,- деді де, Сәкенге қарай бұрыла берді. Сәкен де орнынан тұрып екеуі қышақтасып, көрісіп амандасты. Амандық-саулық сұрасты. Сейфолланы сұрап жатыр.

-Қайтып бір соғуға жол түспей қойды. Бір барып қайтсам ба деп жүр едім. Баласын уайымдап қамығып қалып еді, - деді. Мәлік шай ішіп болған соң:

-Ал, бауырым, қанша боласың? Бүгін мейманымыз боласың, - деді. Сәкен:

бізге қарады да тұрды. Сәкен:

-Әттең! Шіркін, уақыт болғанда әлде де екі-үш күн болғанда, армансыз сыр шертер едік. Енді адам жанын түсінетін бұндай жандар кездесе ме, кездеспей ме? Қимайтын жандар екен, - деп жеңіл күрсінді де жүріп кетті.

Біз ауылға бесін ауа келдік. Амантай да келіп қалар деп күтіп отыр екен. Кешкі дәмге келетін болып үшеуіміз үйді-үйімізге кеттік. Кешкі дәм жеп бола бергенде, аттың дүбірі естілді. Үйдің тұсына біреу келіп:

-Амантайдың үйі осы ма?- деді. Кім екенін білейін деп мен сыртқа шықтым. Тоқабайдың жіберген адамы екен. Түркістаннан хабар келіпті. Ертең түнде «Суындық» асуына арғы жатқан адамдар келетін болыпты, Сәкеннің жүзі бал-бұл жанып:

-Көптен күткен хабар да жетті ау! Амантай, Жәке! Аздаң ерте шығайын. Мына жігіттер апарып салар, - деді. Амантай:

-Аздаң ерте келіңдер. Үшеуің Сәкенді шығарып салып келіңдер, - деп тапсырма берді.

Таңертең азанғы шайды ішіп бес аттылы болып, екі түгіскеннің арасындағы жолмен Көкалаңның үстімен Балықшыға тіке тарттық. Көкалаңнан өткен соң Созақтан келген хабаршы:

-Мен Тоқабайға хабар берейін, - деп Созаққа қарай бұрылып кетті. Біздер Сәкеннің мінген боз жорғасына ілесіп желдіріп отырдық. Сәкен Кеңес өкіметі туралы біраз әңгіме айтты.

Май айының ортасы еді. Тау қызғалдағы жайқалып тау алқабы құлпырып тұр. Сәкен жан-жағына қарап, бір риза көңілмен ыңылдап, ән айтады. Боз жорға кең далада ой бір көсіле жорғалайды-ай! Біздер желдірте отырып ілесіп келеміз.

Сәкендерге арнап үй тіккен Тазабұлаққа да жеттік. Келсек, алты жеті ат талдың астында қаңтарулы тұр. Қазан жақтан бұрқырап түтін шығып жатыр. Екі-үш адам қарсы беттегі биіктен төмен түсіп келеді. Олар жан-жақты бақылап жүрген қарауылдар екен. Біздер де аттан түсіп үйге кірсек, Тоқабай, үш-төрт адам және Сәкеннің ертіп жүрген келіншегі отыр. Келіншек ұзын бұрымды келісті сұлу әйел екен. Біз кірген соң, ол далаға шығып кетті. Тоқабайлар тұрып аман-саулық айтты, қайта отырдық. Тоқабай:

-Сәке, қалай? Аман-есен барып, сәлем беріп келдіңіздер ма? Шайыр мен Батыр елде ме екен қалай кездестірдіңіздер? - деп жатыр.

**Рахманберді ЖАППАРҚҰЛҰЛЫ.  
(Жалғасы бар).**

## Орманды алқапты өрттен қорғайық!

Жаздың аптапты шілдесі мен шіліңгір күндері көптеген жеке азаматтар болсын, ұжымдастар болсын ұйымдасып тау баурайына сейілге шығып серуен ұйымдастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның салдарынан таулы аймақта, орманды тау баурайларында, тіпті төменгі өзен салаларында орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға еле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер анамыздың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп –өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

**Бақтыбек ҚОЖАҚОВ,**  
**Шолаққорған орманшылығының орман күзетші-қорықшысы.**

## Табиғатымызды аялайық!

Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға еле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер анамыздың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп –өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

**Бурабай ТӨРЕБАЕВ,**  
**Созақ орман шаруашылығы орман қорықшы-күзетшісі.**

### Жарамсыз деп танылсын

**Рахашова Рысты Шадибековнаның** иелігіндегі «Ауди-100» маркалы автокөлігінің алдыңғы 594 ОУВ 13 мемлекеттік нөмірлері жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

### Жарамсыз деп танылсын

**Мамшетов Абдурашит Ахметовичтің** иелігіндегі «Lada» 21723 13923 маркалы автокөлігінің алдыңғы, артқы 224 IHZ 13 мемлекеттік нөмірлері жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

### Жарамсыз деп танылсын

**Абдусаламов Абдулла Кучкаровичтің** иелігіндегі 2015 жылы шығарылған «LADA 21907» маркалы автокөлігінің kz 520 ABH 13 санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

### Асқа шақырамыз

Аққолтық ауылында саналы ғұмыр кешкен, бүгінде тек іздерін ұрпақтары жалғаған ардақты да аяулы **Тәпі, Тәпіұлы Ибадулла, Мықтыбекқызы Орынкул** ата-баба, асыл аналарымыздың рухына құран бағыштап ас бермек ниеттеміз.

**Тағдырға амал барма көнесің де, Бейнең қалды өшпестей ел есінде.**

**Артыңа мұра етіп ұрпағыңды, Кеттіңдер қайта келмес кемесіне,**-дей отырып марқұмдар Тәпі, Тәпіұлы Ибадулла, Мықтыбекқызы Орынкулдердің және аттары аталған, аталмаған қара шаңырақтар дәмектен әруақтар рухына бағыштап Аққолтық ауылындағы өз шаңырағында **19 маусым күні, сағат 12:00-де** еске алу асы беріледі.

**Ас берушілер ұл-қыздары, ұрпақтары, Тәпиевтер әулеті.**



## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Будёновское» БК» ЖШС – 2022 жылдың 26 шілде күні, сағат 11.00-де, Түркістан облысы Созақ ауданы, Қаратау ауылының клубында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды. Жиналыс тақырыбы - «Буденовское кен орнының 7 учаскесіндегі тәжірибелік-өндірістік блоктың технологиялық ұңғымаларын орнату. Жобаны Түзету» бойынша. Жобалық құжаттама бойынша Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО Түркістан облысының ТРЖТТРБ <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru> сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында [esportal.kz](https://esportal.kz), сондай-ақ [info@2k.kz](mailto:info@2k.kz) поштасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады. Төтенше жағдай және карантин енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылады. <https://us04web.zoom.us/j/5256986928?pwd-aGN6UWpTcTV2dHBvdIFsY2RGUUEU09>. Конференция идентификаторы: 525 698 6928 Қосылу коды: 123456.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады 8(727) 376-60-62, «Два Кей» ЖШС.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО СП «Будёновское», сообщает, что 26 июля 2022 года в 11:00 по адресу Туркестанская область, Сузакский район, в сельском клубе с.Каратау состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по рабочему проекту «Обвязка технологических скважин опытно-добычного блока на участке 7 месторождения Буденовское. Корректировка». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также на сайте МИО «УПР и РП Туркестанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале [esportal.kz](https://esportal.kz), а также по e-mail [info@2k.kz](mailto:info@2k.kz). В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, слушания проводятся в онлайн режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале, а также на сайте МИО. <https://us04web.zoom.us/j/5256986928?pwd-aGN6UWpTcTV2dHBvdIFsY2RGUUEU09>. Идентификатор конференции: 525 698 6928 Код доступа: 123456.

Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам 8(727) 376-60-62, ТОО «Два Кей».

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Инкай» БК ЖШС – 2022 жылдың 27 шілде күні, сағат 11.00-де, Түркістан облысы Созақ ауданы, Қызмешек кентінің Мәдениет үйінде ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды. Жиналыс тақырыбы - «Түркістан облысындағы Инкай уран кен орнының № 1 учаскесін игеру жобасы» «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша. Жобалық құжаттама бойынша Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО Түркістан облысының ТРЖТТРБ <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru> сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында [esportal.kz](https://esportal.kz), сондай-ақ [info@2k.kz](mailto:info@2k.kz) поштасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады. Төтенше жағдай және карантин енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылады. <https://us04web.zoom.us/j/5256986928?pwd-aGN6UWpTcTV2dHBvdIFsY2RGUUEU09>.

Конференция идентификаторы: 525 698 6928 Қосылу коды: 123456.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады 8(727) 376-60-62, «Два Кей» ЖШС.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО СП «Инкай», сообщает, что 27 июля 2022 года в 11:00 по адресу Туркестанская область, Сузакский район, Кызмешекская п.а., п. Кызмешек, в здании «Дома Культуры» состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Разделу охраны окружающей среды к проекту «Проект разработки Участка № 1 уранового месторождения Инкай в Созакском районе Туркестанской области». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также на сайте МИО «УПР и РП Туркестанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале [esportal.kz](https://esportal.kz), а также по e-mail [info@2k.kz](mailto:info@2k.kz). В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, слушания проводятся в онлайн режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале, а также на сайте МИО. <https://us04web.zoom.us/j/5256986928?pwd-aGN6UWpTcTV2dHBvdIFsY2RGUUEU09>.

Идентификатор конференции: 525 698 6928 Код доступа: 123456

Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам 8(727) 376-60-62, ТОО «Два Кей».

## Тілсіз жаудан сақ болайық!

Көп жылдар бойы өз бетімен бой көтеріп жайқалып өскен немесе адам қолымен отырғызылған жасыл желекті орман бірнеше сағаттың ішінде отқа оранып жойылып кетуі мүмкін. Орман өртінен кейінгі көрініс жан түршігерліктей. Көрікті демалыс орындары қара күйе ағаш бағандары мен өңсіз құлаған ағаш үйінділеріне айналады. Орман әр жылы әр түрлі белсенділікпен жанады, бұл тек ауа-райының қолайсыздығынан ғана емес. Орман өрттері әр-түрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі – сөндірісіз қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте

қауіпті мезгіл, ыстық та аңыз, соны қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, тұскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың хшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сүрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезде отынды баққа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанар маймен

жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, талшыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан табиғат байлығын қорғау және оны молайту үшін аса мән беріліп отыр. Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен, табиғат заңдылықтары бұздан қорғап, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

**Дулат ШЕШЕНҚАРАЕВ,**  
**Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман шебері.**



Қазіргі кезде адамдардың жалқаулануы бара жатқаны білінетін сияқты. Неге десеңіз көп жастардың тер төгіп, еңбек етуге ықыласы білінбейді. Төпсе темір үзетін жігіттер ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргісі келеді. Үйіндегі шағын шаруаның өзін біреуге істеткісі келіп тұратыны жасырын емес.

Біздің бала кезімізде жастар мал бағып, шөп шауып, кірпіш құйып, егін егіп, еңбегін еселеп жүретін еді. Сол уақыттарда ауыл, елді мекендерде қолы бос жүрген жастар кездеспейтін. Барлығы еңбек даласында еңбек көрігін қыздыратын.

Жастайымыздан біздерді ата-анамыз еңбекке баулыды. Жаз айы келісімен тұрғын үйлердің құрылысы басталатын. Әктеп, сырлау, кірпіш құю, дуал тұрғызу сияқты жұмыстарды өзіміз атқарушы едік.



Кейін түлеп ұшқан мектебімізге сыныптастар кездесуге барғанда сол өзіміз жасап естелікке қалдырған шарбақтар кезімізге оттай басылды. Сонда еткен еңбегіміздің бекерге далаға кетпегенін көріп, қуанышқа бөленгеніміз бар.

Көнекөз қариялар, әжелеріміз өткен күндерін еске алып жиі айтып отыратын. Ауылдан он бес, жиырма шақырым қашықтықтан ауыз су тасимыз деп.

Қауақ дегеніңіз шағын ғана қолдан жасалған ыдыс қой. Сондай пәленбай жерге күніне ауыз су үшін бірнеше мәрте барып қайтуға тура келеді екен. Қарап тұрсаңыз қандай жанқиярлық пейнет. Сол уақыттағы адамдардың шыдамдылығына, төзімділігіне қайран қаласың. Соншама қиындықты жеңіп, бала-шағасын асырап тұрмыс тауқыметін қинал-

# Жастарға жалқаулық жараспайды

Жаз бойына қолдағы азын-аулақ бес он тұяқ малдың қыстық азығын әзірлеу де үйдегі ересек балаларға жүктелетін.

Тұрғын үй салуға әркім өзі әрекеттенетін. Таңсәріден ерте тұрып балалар белі қайысып, кірпіштің қалыбын тартып жатқан сәтін көзбен көрдік. Әрине кесектің иін қандырып, қалыпқа салып тарту оңай шаруа емес. Көп тер төгуді қажет етеді.

Лай әбден пісіп июі қанбаса жасаған жұмыстың сапасы болмайды. Кесек қақ-қақ айырылып жарылып кетеді. Күніне пәленбай кесек құйып тастайтынбыз. Сондай-ақ, оны кептіріп, аударыстырып отыратынбыз. Әбден кепкен кесек қана қалауға жарайтын. Күннің аптапты ыстығында татырандай болып балалар кесек құйып, үй құрылысына көмектерін қосып жататын.

Қойдың, қозының кезегін жас жеткіншектер тайға, есекке, атқа мініп алып шыр көбелек айналдырып бағатын. Сондағы балалардың еңбекқорлығына, тіл алғыштығына қайран қаламын. Қоржынды кітапқа толтырып алып, балалар соны кешке дейін оқып қайтатын.

Бұл күндері ауылға барғанда байқағаным, өз үйінің қой кезегін бағуға ерінетіндер де бар екендігін кездестіріп, көңіліме реніш ұялады. Соқталдай болып өз шаруасын атқаруға ерінетіндер бар. Біреуге ақысын беріп қой бақтырғанды өзіне мақтаныш көретін сияқты. Әлгі үйдің балалары ауласында ойнап, болмаса компьютер қарап отырады.

Шынын айтқанда балаларды өзіміз жалқаулыққа тәрбиелеп отырған жоқпыз ба? Ұялы телефон мен компьютердің ағаға аса зиян екендігін ақпарат құралдарында қайта-қайта айтып та, жазып та жүрген жоқпыз ба? Оған құлақ асып жатқандар жағы аздау болып тұрғаны қынжылтады. «Тайдың миңгені білінбейді» дегендей әке-шешемізге көмек беріп бала кезімізде көп тірлікті өзіміз атқарып тастайтынбыз. Сабақтан қолымыз босай қалса, үлкендерге қолқабыс жасайтынбыз.

Қозы-лақтың астын көңнен тазарту, астауларға шөп салу, су құю сияқты тірліктерді тымпылдап жүріп жасайтынбыз. Мұндайда үлкендер жағы маз-мәйрам болып, мерейлері көтеріліп: «Менің құлындарым қолқанат болып қалды,-деп арқамыз-

дан қағып, ілтипат танытып жатады.

Барлығы да ниет пен ықыласқа байланысты ғой. Сондықтан жастарды еңбек етуге тәрбиелесек, алдыңғы толқын ағалардың ерен еңбектерін жастарға үлгі етсек одан ұтпасақ ұтылмаспыз анық.

Сонау жетпісінші-сексенінші жылдары мектеп бітірген жастар әуелгі еңбек жолын ауылда қалып, шаруашылықта жұмыс жасап бастайтын. Кеңшарлардағы бірінен кейін бірі келетін науқандық шаруалар оларды күтіп тұратын. Жаздағы мал азығын дайындаудан бастап, күзгі күйек алу, мал қыстату, көктемгі төл алу, қырқым сияқты жұмыстар сол жастардың қатысуымен бітетін. Десте-десте шөпті айырлармен жинап, тайлайтын. Орылған, престелген қыруар шөпті, шөп сақтайтын базаларға жеткізіп, жинайтын. Жастар жүрген жер қашанда көңілді. Кейде олар көркемөнерпаздар үйірінде құрып, шопандарға концерт қойып беретін. Маусым кезінде ол уақыттарда ауылды бос жүрген жас кездеспейтін. Төрт-бес жігіт бірігіп, ауылдастарына үй салатын, дарбазаларын тұрғызатын. Таңсәріден тұрып, лай илеп, қалып тартатын. Тұрғын үйлердің қабырғасын қалап, төбесіне лай құйып, шатырларын жауып беріп, үй иесінің алғысын алып жататын.

Жаз айларында мұғалімдер кеңшардың астық жинап, бастыру жұмыстарына белсене қатысатын. Бидай мен арпа орағында еңбек көрігін қыздырып жүрген ұстаздарды көптеп кездестіретінбіз.

Қазіргі жастар жалқаулануы бара жатқан жоқ па деген ой мазалайды. Өйткені қазіргілер қара жұмыс істеп, тер төгуге бара бермейді. Кей жастар ешнәрсені қолымен атқарылмайтын іс қарауылдықты місе тұтады. Төпсе темір үзетін жігітке қарауылдық та жұмыс болып па дерсің. Оған екі күн демалып, бір күн жұмысқа түсе болғаны. Жалақысы да анау айтқандай мол емес. Соны қанағат тұтады.

Жаз мезгілі де келіп жетті. Сол екі күндік демалысында ауылдасының үйін болмаса, қорасын салып беріп, қаражат тапса, отбасына нәпақа болар еді-ау. Көршісі қуанып, жұмыс қолын алыстан іздегенше, жақыннан табылғанына қуанып қалар еді. Қолын қақпай жұмыс атқарамын де-

ген көршісіне құрылысын жасатар еді.

Бүгінгі күні шаруашылығы бар жігіттер шопан-малшы таба алмай жүрміз деп құдайдың зарын қылады. Қомақты қаржы беремін десе де бармайтын көрінеді. Мал жоғуға барса болар еді ғой. Несі кетеді. Бала шағасын асырайды. Ішіп-жемі молаяды. Отбасының жағдайы жақсарды. Малын көбейтеді.

Шаруашылықпен айналысатын бір кісімен әңгімелесіп қалған едім. Ол айтады: Бір жігітті жеке шаруашылығыма шопан етіп алдым. Жұмыс жасап келе жатқанына жиырма жылдан астам уақыт болды. Малдың жайын жақсы біледі. Мал жаюмен айналысады. Келіншегінің де шаруағы қыры бар екен. Екеулеп жақсы еңбек етудің арқасында тұрмыстары түзелді. Алғаш келгенде бес-он тұяқ қана малы болатын. Оны қазір өз төлі есебінен көбейтті. Қазір алдарында өзінің жекеменшік жүзден аса айда малы бар. Әрі азық-түлікпен де қамтамасыз етемін.

Ерінбей өткен еңбегінің арқасында жанұясының жағдайын көтеріп алды. Балаларын тәрбиелеп, өсіріп, азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз етті. Ұл-қыздарының алды қалада жоғарғы оқу орындарында оқып жүр. Тұрмыстары ешкімнен кем емес. Киімдері бүтін, қарындары тоқ.

Малдың қыстық азығын өзім дайындаймын. Мал жаятын атты да өзім ұйымдастырып беремін. Қазақы тілмен айтқанда «Ішкендері алдында, ішпегендері артында. Барлық жағдайын жасап отырмын. Нәтижесінде жұмысын бір жолға қойып алды. Ендігі кезекте ешнәрсеге дес бермесі анық. Жұмысы да өнімді. Отардағы қойды өз төлі есебінен көбейтіп келеді», - деді шаруашылық иесі. Мұндай мысалдарды өңіріміздегі бірталай шаруа қожалығынан көптеп кездестіруге болады. Жалпы еңбек етемін деген адамға еш кедергі жоқ. Тек өзің бел буып іркіскен шаруаның үдесінен шығып, қиындығына төзе білсең болғаны емес пе?

Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдары мектеп бітірер кезде ауылда әрбір мектеп бітіруші мың кесек құйып, тапсырып, аттестат алатын үрдіс болды. Ол құйылған кесектер өзіміз оқыған білім ұясының шарбағын қоршауға пайдаланылды.

май көтерген.

Қазір есіктің алдындағы колонкадан ағып тұрған суды алып келуге ерінетіндер бар екендігі жасырын емес. Бұл күндері бәрі дайын. Көбіміз суды үйге кіргізіп алғанбыз. Далаға шығып әуре болмайды. Дәп-дайын алдында тұр. Расын айтқанда қазір көп шаруа жеңілдетілді.

Кіп-кішкентай балаларға дейін қазір жаяу жүргісі келмейді. Дереву такси тоқтатып, мектебіне көлікпен жүйткіп кетіп бара жатады. Не деген жалқаулық. Көп қозғалмаудан неше түрлі аурулар шығып жатады. Дене қимылдары көп болса сырқат болмас еді ғой. Бала кезімізде шапқылап жүріп, ауылды бірнеше мәрте айналып шығатынбыз.

Өкінішке орай қазіргі балалар күні бойы компьютердің алдынан шықпайды. Соның әсерінен ой-өрісінде тежеліс пайда болады. Көру қабілеті нашарлайды. Тыныш отырсын деп баланың қолына ұялы телефон ұстатып қоямыз. Бұл дегеніңіз барып тұрған зиян.

Бала кезімізде үй шаруасынан қолымыз босай қалса, азаннан қара кешке дейін ойын қызығына беріліп, үй бетін көрмейтінбіз. Қолымызда бір жапырақ нан, бір түйір қант болатын. Соны талғажау етіп ауылдың балалары ойын қызығына берілетін. Асық пен ләңгі ойынын азаннан қара кешке қуалап, кешкісін көздеріне ұйқы тығылып, талбалдырықтан аттамай жатып сүріне құлайтын. Сол балалардың денсаулығында ақау болмайтын. Қазіргілер ілекер. Тез ауырып қалады.

Манадан бері айтып отырғанымыз бұрынғыны аңсау емес. Келешек ұрпақты, жастарды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, аға буын өкілдерінің азаматтық парызы деп түсінген абзал.

«Ел боламын десең, бесіңді түзе» деп заңғар жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай перзенттерімізді жас кезінен еңбекке тәрбиелесек. Олардың бойына жақсы қасиеттерді дарытып, тәрбиелеп, қанаттандырсақ нұр үстіне нұр болар еді.

Өйткені ел ертеңі жастар. Олар-біздің болашағымыз. «Не ексең, соны орасың» дегенді естен шығармағанымыз абзал.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан  
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек  
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы-

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
**161000, Шолаққорған ауылы,  
С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30  
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3800 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.